

«МҰХАББАТ-НАМЕ» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ

Алтын Орда дәуірінде жазылған құнды ескерткіштердің тілін зерттеу қазіргі таңда кеңінен қолға алынып отырған ауқымды жұмыс. Көне түркі жазбалары мен орта ғасыр жәдігерлік-терінің лексикалық қоры қазіргі тілдегі сөз қолданысының тарихи сабактастығынан көп мағлұматтар береді. Осы тұрғыдан қолданысқа түсken сөздердің түрленуіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды қарастырамыз.

Орта ғасырда жазылып, бізге жеткен ескерткіштердің саны едоға. Соның ішінде біз XIV ғ. жазылған «Мұхаббат-наме» ескерткішін алғып отырмыз. Ескерткіште 7 септік бар. Бұл септік-тердің өзіне тән әрқайсысының жалғаулары дыбыс

үндестігіне байланысты бірнеше варианты болып келеді.

Септік жалғауларының шығу тарихын зерттеушілердің пайымдауынша, көне түркі тілінде болсын, қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғаулары басты екі топка – грамматикалық септіктер және көлемдік септіктерге жіктелінеді. Ал септік жалғауларының тілдің даму процесінде семантикалық жіктелуді осы екі топтың әрқайсысының өз ішінде болатын құбылыс деп қарайды. Солардың ішінде Б.А.Серебренников пен Н.З.Гаджие-ва «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» атты еңбегінде көне түркі тілі ескерткіштерінде септіктің, негізінен екі түрі – біріншісі көне ататүрік

тілінде болған. Ол септік формаларының негізгі ерекшелігі – көлемдік мағынаны беріп, белсененді түрде қолданылған, ең көне кезеңдегі септік жалғауының сипатты мынадай:

Атау	Тұлғасы жок
Ілік	-ы, -и, -ығ, -иғ
Барыс	-а, -е
	-қа, -ке
	-ра, -ре,
	-ры, -ри
	-ары, -эри
	-ғари, -гәри
	-ча, -чә
	-на
Жатыс	-ма, -мә
	-да, -дә
Құралдық	-ын, -ин
	-лығ, -лығ
	-ла, -ле
	-лан, -лән
Экватив	-ча, -чә

деп атап көрсетеді [1, 75-76].

Ендігі кезекте «Мұхаббат-наме» ескерткішіндегі әр септікке жеке-жеке тоқталуды жөн көрдік. Септік жалғауларының түрленулері әр қылы.

Атау септігі. Бұл септік тіршіліктегі түрлі құбылыстардың, заттардың аттарын ешбір қосымшасыз білдіретіндігі ескерткіш тілі мен қазақ тіліне де ортак. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, көне доуірде де атау септігі нәлдік формада жұмсалған. Бұл септікті А. Кононов, А. М. Щербак, Б. Серебренников, М. Томанов, А. Ісқақов және т.б. ғалымдар негізгі септік деп қарайды. Себебі, атау септігі өзге септіктердің бәріне ұйытқы бола алады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде атау септігінің қолданылу аясының ау-қымды болғаны оның ілік, табыс, жатыс, шығыс, қемектес септіктерінің орнына жұмсалғанынан көрінеді. Атау тұлғаның тіл дамуының баставпакы кезеңдерінде септіктер мағынасының біртұтас көпмағыналы болуы – оның семантикалық жағынан бай, функциялық жағынан кең екенін білдіреді. Табиғаттағы құбылыс пен заттың о баста жекеленбей біртұтас болуы сөздердің нәлдік формада жұмсалуынан туындаса, ал келе-келе заттардың меншіктелу мен мекенін, іс-қымыл бағдарын көрсету мақсатында басқа септіктердің жалғауларының шығуы орынды сияқты. Сонда атау септігі өзге барлық септіктерге түп негіз болған және олардың тұлғалық, мағыналық жағынан дамуына ықпал еткен деген тұжырымдар көнілге қонымды шығады.

Біз қарастырып отырған ескерткіште атау септігінде тұрған сөздер көптеп саналады. Мысалы, *су*, *қызыч*, *баш*, *қол*, *тил*, *мал*, *Қонрат*, *йигит*, *от*, *булбул*, *құл*, *тон*, *йол*, *көз*, *қаш*, *тал*, *топрақ*, *йұрак*, *бек*, *ай*, *бөри*, *йаз*, *сөз*, *құйаш* – *кун*, *улус* – *ұлыс*, *сатур* – *пышақ*, *сиңак* – *маса*, *чечак* – *гүл*.

Ілік септігі. Көне түркі жазбаларында ілік септігі: *-ың*, *-иң*, *-уң*, *-уң*, *-ниң*, *-нүң*, *-наң*, *-нәң* түрінде сипатталады. Осы септік жалғауларының сөзге жалғану барысы орта ғасыр мұрағаттарында азды-көпті ауытқулардан көрінеді. Ілік септік тарихи ескерткіш тілінде де, қазіргі тілімізде де меншіктілік мән берудің негізгі тәсіл ретінде беріледі.

Ескерткіш мәтініндегі есімдіктер тек ғана ілік жалғауының *-ың*, *-иң*, *-уң* формасын ғана емес: *мениң* – *менің*, *сениң* – *сениң*, *озүң* – *озің*, *аның* – *оның*, *мұның* – *мұнның*, *-ниң* формасында да қабылдаған: *өзганиң* – *өзгөнің*, *бизниң* – *біздің*, *сизниң* – *сиздің*. Ал зат есімдерге *-ниң*, *-нүң*, *-нүң* формалары жалғанады: *таңриниң* – *тәңірінің*, *кишиниң* – *кісінің*, *көңүлниң* – *көңілдің*, *чаманниң* – *кедейдің*, *құйашниң* – *құннің*, *арының* – *араның*, *тәуелдің*, *көптік жалғауларынан* кейін де: *көзүмниң* – *көзімнің*, *қулуңнүң* – *құлыңнүң*, *йузүннүң* – *жүзіңнің*, *ұлығарның*. Ал бірен-сарап есімдер *-ин*, *-ун*, *-ың* формасымен келген: *ишикиң топрагы*, *арамың топрагы*, *сақақың шуғласи*.

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыз мәтінде ілік септігінің *-ниң* *нүң*, *-нүң* тұлғаларының бірде зат есімге, бірде есімдікке жалғанғандары. Ал *-ың*, *-иң*, *-уң*, *-уң* тұлғасының тек ғана есімдіктерге тән еместігі. Мұрағаттан *-иң* тұлғасының зат есімдерге де жалғану қабілетінің болғандығын көруге болады.

Екі зат есім қатар келгенде анықталатын сөз ілік септігінің жасырын түрінде қалады: *йузүң нұры* – *жүзің(нің) нұры*, *тишиң инжүсідин*, *таң насыми*, *ұмур бағы*, *дида нұры*, *Йусуф лықасын*, *таңри нұры*.

Ілік септігінің жасырын қалуы қазіргі қазақ тілінде де бар. Бұл сипат сөз тіркесі мен сөйлемнің ішкі валенттілігінен туындаиды.

Барыс септігі. Бұл септіктің тарихына көз жүгірткен Б. А. Серебренников пен Н. З. Гаджиева осы септіктің мағыналық бір ерекшелігін атап көрсетеді: «На различие значений указывает одна интересная особенность. Многие показатели направительных падежей неизменно содержат элемент а, как бы соединяемый с какими-то конкретизаторами».

ми основного значения, ср. падежные аффиксы -**қа**, -**ра**, -**ча**. Возможно, что основным направительным падежом был падеж с аффиксом -**а**, а элементы **қ**, **р** и **ч** выражали какие-то нюансы значений» [1, 77].

Ескерткіште мен, сен жіктеу есімдіктеріне барыс жалғауы *сеңа*, *меңа* түрінде жалғанады. Ал барыс септігінің -**га**, -**га**, -**қа**, -**қа** жалғаулары: *бизга* – бізге, *сизге* – сізге, *көзге* – көзге, *кишига* – кісіге, *йилга* – желге, *көңулга* – көңілге, *кимга* – кімге, *тирга* – жерге, *өрга* – өрге, *чимганга* – көк шөпке, *қойға* – қойға, *тойға* – тойға, *йолға* – жол-ға, *шүнқарға* – сұнқарға, *кокка* – кокке, *коркка* – корікке, *айаққа* – аяққа, *қудуққа* – қудыққа, *қапуққа* – есікке, *таңқа* – таңға, *улусқа* – ұлыс-қа, *башқа* – басқа деп түбір сөзге тікелей жалғанса, ал мына сөздердің катары түбір **соз+тәуелдік жалғауы+** барыс септігі формасы ескерткіште былай түрленеді: *илкінга* – қолға, *көзумга* – көзіме, *созұға* – сөзіме, *йузұға* – жузіме, *кирпүкүға* – кірпігіме, *адақыңқа* – ағыңқа, *йузұңға* – жузілізге, *бойнұзға* – бойыңға, *алмаңызға* – алмаңызға. *кишиларға* – кіслерге. Тәуелдік жалғаудың 3-жағынан кейін -**на** барыс септігінің келуі: *евина* – үйіне. -**а** жалғаулы сөзіне біткен сөздер: *көзлара*, *султана*, *сиза*, *йара*. Ал чехраңа – жузіце (*коркіне*) деңген сөздегі -**а** жалғауы тәуелдік жалғауынан кейін жалғанған. Бұл сөздер казақ тілінде -**га**, -**ге**, -**қа**, -**ке**, мағыналарын береді. Жіктеу есімдік-теріндегі барыс септік тұлғалары былай ерекше-ленеді: *меңа* – маган, *сеңа* – саган, *аңуңа* – оған.

Табыс септігі. Табыс септігіндегі сөзді тәуелдік жалғаулы сөз III жақ бойынша септелгенде бұлардан өзгеше -**н** формантының пайда болу себептерін тілде бар накты деректермен аныктап берген ғалым Б.Сағындықұлының «...Бұ-ған керісінше, осы заңының әсеріне ұшырай тұрса да, өзінен кейін қосымшалар жалғануы салдарынан -**н** дыбысы бұрынғы қалпына келеді. Өлі -**н** табыс септігінің ықшамдалған формасы -**ы**, -**і**, -**у**, -**ұ** формантының алдынан қосылып, оған әбден сіністі. Кейін ол тәуелденген сөздерге ғана емес, ілік септігі сияқты, түбір сөздерге де тікелей жалғана беретін болды. Әуелгі кездерде бірынғай -**ны//-ні** формасында жалғанғанмен, бірте-бірте фонетикалық -**ды//-ді**, -**ты//-ті** варианттары өмірге келді. Сейтіп табыс септігі, тілдік материалдарға қарағанда, вариантыны аса көп сияқты көрінгенімен, айналып келгенде, бірақ формадан шықкан» деген пікірі төмендегі келтірілген мысал-

дардың мән, мағынасын түсіндіруге көмек-теседі [2, 124-125].

Ескерткіште сөздің көп бөлігіне табыс жалғауы мына түрінде -**ны**, -**ни** жалғанған: *құлны* – құлды, *құлашины* – құнді, *ағзыны* – ауызды, *қуны* – құды, *сұны* – суды, *бизни* – бізді, *сизни* – сізді, *көзни* – көзді, *йилни* – желді, *көңулни* – көңілді, *түнни* – түнді, *көпни* – көпті. Түбірге тәуелдік жалғауы жалғанып, сонынан табыс септігінің тіркесін келуін мына мысалдардан көруге болады: *йузұңызни* – жузіңізді, *көзүмни* – көзімді, *чагыны*, *топрақыны*, *сачыны*, *сақақыңы*, *атыңы*. Бұл сөздердегі табыс жалғаулы «чагыны, топрақыны, сачыны» сөздерін ғалым Б.Сағындықұлының зерттеу үлгісімен көрсетуге болады. Сөздерді екі түрлі белшектеп: 1) *чаг+ын+ы*, *топрақ+ын+ы*, *сач+ын+ы*; 2) *чаг+ы+ны*, *топрақ+ы+ны*, *сач+ы+ны*. Біріншісі – диахрониялық тұрғыдан – былайша сипатталады: -**ын/-ин** тәуелдік жалғауының көне формасы, -**ы/-и** – табыс септігі. Екіншісі – синхрониялық тұрғыдан -**ы//-и** тәуелдік жалғауының жаңа формасы, -**ны//-ни** кейін қалыптастан табыс септігі.

Ескерткіште мынадай сөздерге табыс септігінің -**н**, -**ын**, -**ин**, -**үн** формасы жалғанған. Мысалы, *чавын*, *топрагын*, *қамуғын*, *аразын*, *ағзын*, *айын*, *сүйін*, *оғлын*, *йилын*, *сарайын*, *йилин*, *сөзин*, *сөзүн*, *қамуғын*, *айын*, *оғлын*, *йузун*, *маззын*. Тәуелдік жалғауының 3-жағының -**сы** формасынан кейін -**н** табыс септігі келген сөздер: *кимиасын*, *лықасын*, *тамашасын*. Сонымен катар көптік жалғауынан кейін де табыс септігі көрініс береді: *арыстанларны* – *арыстандарды*, *көңулларни* – *көңілдерді*. Және бір ерекшелігі оғыз формасына тән өте сирек кездесетін табыс септігінің -**и** формасының есімдікке жалғануы кездеседі: *өзүми*, *Салайын өзүми* өзга адайара. Яғни бұл жерде табыс септігіндегі сөзді есімдіктің менгеруі көрініп тұр. Сонымен қатар -**и** тұлғасының зат есімге де тіркесу қабілеті мына мысалдан көрінеді: *көңүми*. *Күйірди көңүми дилбар фирақы* (Күйірді көңілімді сұлутығының фиракы).

Орта ғасыр жазбалары тілінде табыс жалғаулы сөз тек тұра объектінің іс-әрекетке қатысын білдіріп коймай, істің мекенін, бағытын да білдір-генін М.Қашқари мен Ж.Баласағұни еңбек-терінен көруге болады.

Жатыс септігі. Б.А. Серебренников пен Н.З.Гаджиева жатыс септігінің басты ерекшелігі ретінде оның негізгі екі мағынаны: 1) мекендік ма-

ғына; 2) көністік мағына менгергендігін атап көрсетеді.

Ескерткіште жатыс септігі жалғауының -да, -та жуан вариантыны ғана кездеседі: *козда – көзде, сөзда – сөзде, үйзүңзда – жұзіңзде, ағызда – ауызда, йолда – жолда, ылда – жылда, кимда – кімде, үпірда – жерде, ачунда – әлемде*. Жатыс септігі тәуелдік және табыс жалғауларынан кейін де жалғаңған: *козұңда, сөзүнда, топрақында, ғазында, үолында, дамында, ғақасында, айынасында, ишиқиңда, ишиқиңда, тапқұңда, үйзүңда, ғаңақиңда, гишиқиңда, чехраңда, қашыңда, иңинда*. Ескерткіште мезгілдік мағынада жұмсалатын жатыс септік жалғаулы сөздер де бар: *черикта, ужмақта, сөзта, елинда, көкта*. Бұл септіктергі сөздер негізінен көлемдік, мекендік және мезгілдік мағына берген.

Шығыс септігі. Шығыс септігі көністік септігі ретінде қаралады. Сол себепті шығыс септігіндегі сөздер сөйлемде көлемдік мәнде қолданылып, менгеріле байланысады. Шығыс септігіндегі зат есім мекендік мағынаны, қымыл-эрекеттік себебін, тарағанын, шығар көзін білдіретін анық.

Мәтінде шығыс септігінің жалғауы –*-дин, -тин*. Мысалы, *биздин – бізден, сиздин – сізден, көздин – көзден, сарайдин – сарайдан, топрақдин – топрақтан, үйлдин – желден, кулдин – құлдан, көңулдин – көңілден, андин – одан, тикандин – тікеннен, сендин – сенен, мендин – менен, башдин – бастан, ғашдин – жастан, ташдин – тастан, ғырақтн – жырақтан*. Тәуелдік жалғауынан кейін келген сөздер: *өзиндін – өзінен, елгіндін – қолыңнан, елиндин – елінен, бүгүндін – бүгінен, өзүмдин – өзімнен, көзүмдин – көзімнен, бағрымдин – бауырымнан, көзүндін – көзінен, үйзүңдин – жұзіңнен, көлпардин – көлтерден, топрақындин, үолындин, башындин, қылышыңдин*.

Көмектес септігі. Көмектес септігінің тұлғалық даму тарихы туралы М. Томанов былай дейді: ««бірле» шылауы қазақ халқы арасында XIX ғ. аяғына дейін қолданылып келген кітаби жазба тілдің кұрамында да кездеседі. Көмектес жалғауының «мен» шылаулы түрі жергілікті диалектілерде де бар»

[3, 166].

Ескерткіште көмектес септігінің мағынасын беретін **била:** *тил била, қуллар била, қашың била, бирла:* *бойы бирла, тил бирла, қылышың бирла, ырырақтың бирла, суратың бирла, қүш бирла, қан бирла* ретінде жүмсалған.

Қазіргі қазақ тілінде **бирла** шылауы көмектес септігін менгерген болса, ескерткіште көмектес септік жалғауының мағынасын беріп, қызметін түгелдей аткарып тұр. Бұл септік құралдық септік қатарына жатады. Негізінен құралдық, бірлестік мағынасын береді. Қазақ тілінде бұл жалғаудың тек ғана **-мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен** жінішке варианты бар. Басқа түркі тілдерінде көмектес септігі болмағанмен, оның тұлғалық мағынасын **-біле, -бірлан, -білен** шылаулары береді.

Ескерткіштегі септіктердің бірінің орнына бірі жұмсалуы. Қоңе замандағы жазбалар мен ортағасыр жәдігерліктерінде септік жалғауларының бірінің орнына бірі жұмсалғандығы кездеседі. Бұдан сол кездегі септіктердің мағыналары қазіргімен салыстырғанда көп мағыналы болған деген ой қорытуға болады.

Ескерткіш мәтінінде мәселен, барыс септігінің орнына – жатыс септігі: *гар Афлатун сениң ұшиқыңда туышса* (Егер Платон саған ғашық болса); *қара мең ал ғаңақиңда ғараашур* (Қара мең ал қызыл өніне жарасар). Табыс септігінің орнына – шығыс септігі: *киши қайда өлардин билса болмас* (Кіси қайда өлерін біліп болмас). Шығыс септігінің орнына жатыс септігі: *Тұганмас миң ғыл ичра миңда бири* (Бітпес мың жыл ішінде мыңнан бірі); *Көрар үйзүңда Хоразми жесханны* (Көрер жүзінен Хоразми жаңанды), Табыс септігінің орнына – жатыс септігі: *Сениң ұши-қыңда сайрапга Хоразми* (Сенің сұлулығынды сайрап Хоразми), шығыс септігінің орнына – жатыс септігі: *үйзүңзда көрүнүр күзгү тек нұр* (Жүзінізден көрінер айнадай нұр).

Ескерткіштегі есімдіктердің жіктелу үлгісі мына тұрғыда сипатталады. Жіктеу, сілтеу есімдіктері: **мен, сен, ол, сіз, біз**.

Келтірілген мысалдардан байқағанымыз барыс

Атаяу	Мен	Сен	Сіз	Ол	Біз
Ілік	Мениң	сениң	сизниң	аның	бизин/ниң
Барыс	Менә	сена	сиза/га	ануна	бизга
Табыс	Мени	сени	сизни	аны	бизни
Жатыс	–	–	–	–	–
Шығыс	Мендин	сендин	сиздин	–	биздин
Көмектес	–	–	–	–	–

септігіндегі -*a* және -*ga* жалғауларының екі тұлғасы да жарыса қолданылған. Біз қарастырып отырған ескерткіште жіктеу есімдіктерінің жатыс және көмектес септіктеріндегі түрленуі көзімізге ұшыраспады.

Септіктердің қалыптасу тарихы курделі. Әр септіктің генезисі туралы пікірлер де әртүрлі. Ортағасыр ескерткішіндегі септіктердің жалғаулары қазіргі септік жалғауларынан фонетикалық жағынан ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. М.: Наука, 1986. С. 302.
2. Сагындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этиологиялық негіздері (Монография). Алматы: Санат, 1994.

168-б.

3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: Мектеп, 1988. 264-б.

4. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. Алматы: Ғылым, 1976. 240 б.

5. Хорезми. Мұхаббат-наме. Издание текста, транскрипция, перевод и исследование Э.Н. Наджипа. М., 1961. 223 с.